

Еуразиялық экономикалық форум туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 4 шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № 17 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық форум туралы ережеге өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Б.Сұлтанов	А.Кожошев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 21 қаңтардағы
№ 4 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық форум туралы ережеге енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1.5-тармақ мынадай мазмұндағы "з" және "и" тармақшаларымен толықтырылсын:

"з) Одақтың ішкі нарығында және әлемдік нарықта мүше мемлекеттердің тауарларының (өнімдерінің) бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

и) мүше мемлекеттер айқындаған, соның ішінде ұлттық сапа конкурстарын өткізу қорытындысы бойынша айқындалған мүше мемлекеттердің таңдаулы тауарларының (өнімдерінің) жетістіктерінің таныстырылымы және ақпараттық қолдау."

2. 6-тармақ "арналған алаң" сөздерінен кейін "жетістіктерді көрсету және" сөздерімен толықтырылсын.

3. 14-тармақта "және форум өткізетін елдер" деген сөздер ", форум өткізетін елдер басқа мүше мемлекеттер" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 26-тармақ мынадай мазмұндағы "е" тармақшасымен толықтырылсын:

"е) осы Ереженің 5-тармағының "и" тармақшасына сәйкес айқындалған әрбір мүше мемлекеттің таңдаулы тауарларының (өнімдерінің) таныстырылымына арналған (тең мөлшердегі) көрмелік алаңдар."